

214 қыркүйек 2021 жыл



Ойыл 100 Жылы

1917 жылғы ақпан төңкерісінен кейін іле-шала, яғни 19-22 сәуірде шақырылған Орал облыстық қазақтар съезі «Орал облысының далалық бөлігін басқару туралы» уақытша ереже қабылдады. Съезд қаулысының төртінші тармағы бойынша ояз орталықтарының бір-бірінен алшақ жатқандығына байланысты 1 және 2-Ойыл, Құмды-Ойыл, Қайыңды, Қарағанды, Қазбек және Жетікөл болыстары барлық ояздық мекемелерімен бірге аудандық ояздық комитетке

динск, Преображенск, Романов, Тайсойған, бірінші Ойыл, екінші Ойыл, Шипов болыстары қарады. Алайда бір жылға жетпейтін уақыттан кейін, яғни 1922 жылғы 27 шілдеде аудан тара-тылды.

Аудан тарихы Алтықарасу ауданы-ның және Адай оязының (Адай округі-нің) тарихымен де тығыз байла-нысты. 1928 жылғы 17 қаңтарда Темір оязы таратылып, оның құрамындағы Жиделі-Сағыз, Құмды-Ойыл болыс-тары негізінде Алтықарасу ауданы

ханыға алаңдаумен болды. Бұл кезде Маңғыстау Закаспий облысына қарай-тын-ды. Соны желеу еткен облыс өкімшілігі түбекті өз ревкомы арқылы басқаруға тырысты. Алайда, төңкеріс дүмпуімен өмірге келген, жергілікті халықтың мұң-мүддесімен үндесе алмаған екі ревкомның да білігі флот жанындағы шағын станицалардан аса алмады. Ал қыр жайлап, мал өсірген қазақтың дені Ө.Жангелдин құрып кеткен Адай ревкомына ыңғай таныт-ты. Алайда, тұрмыс-тіршілік салтын қолдау, қорғау тұрғысынан оған іш тартқанмен, билікті жүзеге асыруға келгенде Адай ревкомының да басқа билік тұтқаларынан артықшылығы шамалы еді. «Маңғыстау үйезінің

губерниялық комитетінің бір өкілі бар айрықша комиссиясын жіберу көз-делді. Аталған комиссия Ойылға 1920 жылы жаз басында келіп, 11-15 маусымда көшпелі Адай-Табын елінің 1 Кеңестер съезін өткізді. 1920 жылғы тамыз — 1936 жылғы желтоқсан айлары аралығындағы өкімшілік-аумақтық бөлініс жөніндегі анықтама-лықта Ойыл болыстарының Адай оязына немесе Адай округіне ішінара қарауы 1924 жылғы 27 қазаннан басталады. Ояз құрамына осы кезден бастап Ойыл қаласы мен Ойыл кенті ғана кірді. «Адай оязының қазақтары» атты еңбегінде Ө.Бөкейхан көрсеткен Қазбек және Ойыл болыстары оның құрамына 1925 жылғы 6 шілдеде

академиясының президенті, академик Ш.Есенов бастаған үкіметтік топ Қазақ елінің ұлттық кадрларының да, техникалық, технологиялық қуатының да мықтап дамығанын дәлелдеп, Саяси Бюроның талқысына Бас хатшының күдігін теріске шығаратын-дай бұлтартпас ғылыми тұжырымын қарсы қоя білді (104). А.Косыгиннің қолдауымен түбектің тағдыры дұрыс шешілді. Сөйтіп, 1920 жылы Ойыл-дағы съезде алғаш ұсыныс жасалып, Қазақ Елі құрамындағы мәртебесін бекітіп алған шежірелі Маңғыстау араға қырық жыл салып осы мәрте-бесін қайта қорғап қалды.

Осындай дамылсыз өзгерістер арасында Адай және Ойыл ояздары

делегаттарды түгелдей, адам өліміне себепші деген сылтаумен қамауға алды. Келесі жылдың 19 ақпанында алдымен он адам өлім жазасына кесілді, кейін оның саны алты адамға шегерілді. Жарты жылдан кейін өлім жазасы он жыл түрмеде отырумен ауыстырылды.

Ойылда өткен съезд Ө.Жангелдин, Ж.Мыңбаев, Т.Өлниязов сияқты есімі елге танымал қайраткерлердің ұсыныс, қолдауымен округтік атқару комитетінің төрағасы етіп С.Масатовты сайлады. Сауытбайдың табығатынан артық сөзді қаламайтын, ұстамды мінезі, қарапайымдылығы мен қолға алғаш ісіне ұқыптылығы округте қалыптасқан психологиялық

ӘРІ ТАРТ ТА, БЕРІ ТАРТ

біріктірілді, оған Ойыл ояздық коми-теті деген атау берілді. Егер қаласа, Шипов, Романов, Преображенск және Жана-Қарағанды болыстарының кіре-тіні көрсетілді. Кейін солай болды да.

Ал Қазақ АКСР Орталық Атқару Комитеті 1920 жылғы 11 желтоқсан-дағы 1 сессиясында Орынбор-Торғай губерниясын төрт губернияға бөлу туралы шешім қабылдады. Содан дәл бір жылдан кейін 1921 жылғы 8 жел-тоқсанда Бүкілодақтық Атқару Коми-теті Орынбор-Торғай губерниясын үш губернияға — Ақтөбе, Қостанай және Орынбор губернияларына бөлу жөніндегі шешімді бекітті.

1921 жылғы 12 сәуірде Ақтөбе губерниясын аудандарға бөлу жөнін-дегі жоба бекітіліп, Ақбұлақ ауданына — 18, Ақтөбе ауданына — 41, Мокха-ров ауданына — 20 және Темір ауда-нына 27 болыс қарады. 1923 жылғы 26 сәуірде болыстарды ірілендіру нәтижесінде губерния 5 оязға — Ақ-бұлақ (14 болыс), Ақтөбе (30 болыс), Ырғыз (8 болыс), Темір (14 болыс) және Шалқар (6 болыс) ояздары болып құрылды.

Қазақ КСР Ішкі істер министрлігінің Мұрағат басқармасының 1959 жылы жарық көрген Қазақстанның өкімшілік-



аумақтық бөлінісі жөніндегі анықтама-лығына қарағанда (1920 жылғы тамыз - 1936 жылғы желтоқсан) Ойыл ауда-нының қазіргі аумағындағы елді мекендер, 20-жылдардың бас кезінде негізінен Ақбұлақ және Темір аудан-дарының құрамына кірді.

Ақбұлақ ауданы 1921 жылғы 12 сәуірде Орынбор-Торғай губерния-сына қарасты Ақтөбе оязының негізін-де құрылып, 1922 жылғы 5 шілдеде ояз болып қайта құрылды. Ақбұлақ оязына (орталығы Ақбұлақ кенті) Ақбұлақ, Астрахань, Бабатай, Ақсу (Беловодск), Жиренқопа, Елек, Қайыңды, Калинин, Қарағанды, Қыыл-Ойыл, Николаев, Ново-Алексеев, Новоадеждинск, Петропавл, Прео-браженск, Сазды, Тамды, Томар-өткел, Түзтөбе, Харьков, Қобда, Жәкесал болыстары кірді.

Темір оязы да Ақбұлақ оязы сияқты 1922 жылғы 5 шілдеде Темір ауданы болыстарының негізінде құрылды. Оған 31 болыс кірді, оның ішінде Бабатай, Жекенді, Жетікөл, №4 Қазбек ауылы, №4 Қайыңды ауылы, Қаракөмер, Құмды-Ойыл, Ойыл (Ойыл кенті), бірінші Ойыл, екінші Ойыл болыстары таратылған Ойыл ауданының құрамынан келіп қосылды.

Орал губерниясының 1920 жылғы 12 қазандағы Кеңестердің 1 құрылтай съезінің шешімімен құрылғаны бел-гілі. Оның құрамына 6 ояз: Гурьев (20 болыс), Жымпиты (23 болыс), Елек (31 болыс), Калмыков (18 болыс), Ойыл (14 болыс), Орал (27 болыс) ояздары кірді. Ойыл оязы 1920 жылғы 2 мамырда Торғай облысы Темір оязы-ның болыстарынан құрылған еді. 1921 жылғы 19 қарашада ҚазАКСР Орта-лық Атқару Комитетінің Өкімшілік комиссиясының 1921 жылғы 26 ма-мырдағы қаулысының негізінде Ақтө-бе губерниясының құрамына кірді, 14 болыстан тұратын Ойыл ауданы болып құрылды.

Демек, Ойыл ауданының өкімшілік-аумақтық бөлініс ретіндегі тарихы 1921 жылғы 19 қарашадан басталады. Ауданның орталығы Ойыл қаласында орналасып, ауданға Ақсу (Беловодск), Жекенді, Жетікөл, Қазбек, Қайыңды, Қарағанды, Қыыл-Ойыл, Ново-Надеж-

«Адай оязының қазақтары» атты белгілі еңбегінде де Адай оязы жиыр-ма бес, негізінен таздар мен ысықтар тұратын Ойыл және Қазбек болыс-тарын қосқанда жиырма жеті болыс-тан құралатынын жазды (103.143).

Ал Адай округі 1927 жылғы 28 маусымда таратылған Адай оязы болыстарының негізінде құрылды. Оның құрамына Маңғыстау, Үстірт-Сам, Табын, Алтықарасу, Ойыл аудандары, сондай-ақ Қайыңды, Құмды-Ойыл, Жиделі-Сағыз және Ақтөбе губерниясының бұрынығы Темір оязының Жем-Байсары болысының бір бөлігі кірді. 1, 2, 3-Адай, Тайсойған-Сағыз, 1-Түркіменадай, Шилі-Сағыз болыстары Ойыл ауданының құра-мына берілді, 4, 6, 7-Адай және Келім-берді, Үстірт-Сам болыстары негізінде Сам ауданы, Өлі-Бәйімбет, 1, 2, 3, 4-Бозашы, Жеменей, 1 және Маңғыстау, Райымберді, 2-Түркіменадай және Тұпқараған болыстары негізінде Маңғыстау ауданы, Доңызтау, Аққол-қа, Саматай, Ұлы Сам болыстары негізінде Табын ауданы құрылды. Адай округі Бүкілодақтық Атқару Комитетінің 1930 жылғы 23 шілдедегі қаулысымен 1930 жылғы 17 желтоқ-санда таратылды.

Егер жалаң келтірілген осы дерек-тердің ішкі астарына үңілсек, жаңа үкімет жоғарыдан іске асырған осы өкімшілік-аумақтық бөліністердің күн-делікті тіршілікке онша ықпалы бол-мағанын, Адай оязы мен Ойыл оязы халықтарының ресми құжаттарсыз-ақ өңірдегі тарихи оқиғаларды бірге көтеріп, бірге шешкенін байқаимыз. Айталық, аумақтық шекара айқындал-маған, тіпті үкімет басына келген рево-люциялық комитеттердің өздері бірін-бірі мойындамай, өздерініше өрекет еткен аласапыран шақта нақ сондай күйдегі Маңғыстау жарты аралының болашағын шешкен тарихи съезд Ойылда өтті.

Ақтар талқандалып, қызылдар бір-жолата жеңілгеннен кейінгі өтпелі кезеңде аталған жарты аралдың саяси билігі туйыққа тірелді. Фортты басып алған Қызыл флот өз ревкомын құрды. Қолы қысқа ревком Каспий теңізін жағалаған Баку мен Астра-

халқы Қаратөбеде шақырылған жина-лысында менен Кеңес үкіметін орна-туды сұрады. Мең үкімет құрып, оның ревкомы төрағасы етіп Өлниязов Тобаниязды тағайындадым», — дейді Төтенше комиссар Ө.Жангелдин кейінгі естеліктерінде. Демек, жер-гілікті өлкетанушы қадамгер Ө.Спанов айтқандай, ол да Маңғыстау қырына екі шағын кеменен, жалдамалы өске-рімен, ақшасымен ың-шыңсыз келе қалған еді.

Дегенмен, қыр елінің тынысымен тыныстап өскен дала қазағы — Тобанияз Өлниязов түбектің нағыз өз иесін табуына қыруар қайрат қоса білді. Көшпелі қазақ салтының ресми аумақтық бөліну тәртібіне көндіге қоймағаны белгілі. Түбекті жайлаған Адай елі қыс қыстауларына, яғни Маңғыстау ойы мен Үстіртке орал-ғанда Закаспий облысына қарайтын да, жаз шыға өріс қуалап Жем, Ойыл өзендерін бойлай көшкенде Орал облысының жерін жайлайтын. Сауда-саттық жасау мақсатында Бесқала асып, Хиуа хандығын да аралап кететін. Ал Хиуа хандығы болса мұндай аралас-құраласқа басқаша мен берді. Төңкеріс кезіндегі аласа-пыранды пайдаланып, Ресей қол

Темір оязы тарағанынан кейін берілді. Демек, съезд өткізілген кезеңде Ойыл қаласы маңғыстаулықтар үшін ресми кейтарап елді мекен еді. Адай оязы-ның орталығы Александровск порты-нан Ойыл қаласына 1925 жылғы 19 ақпанда көшірілді.

Александровск бекінісінің іргетасы 1834 жылы Кайдак шығанағында қаланды. Каспий теңізінің жағалау-ларын кезген қарақшылардың жолын кесу және Орта Азияға шығатын сауда керуендерінің қауіпсіздігін қамтама-сыз ету мақсатында салынған бекініс климат жағдайы қолайсыз және көшпелі қазақтардан шағлайда орна-ласқандықтан 1846 жылы Тұпқараған мүйісіне ауыстырылды. Бірде Ново-Александровск, енді бірде Ново-Петровск, 1859 жылдан бастап Александровск, Қазан төңкерісінен кейін большевик Урицкийдің есімі беріліп, 1924 жылғы 10 қарашада қайтадан Александровск аталған, қазір Форт-Шевченко аталатын, біраз уақыт орталығы болған қаланың ойылдықтар үшін, өрине орны бөлек.

Талай-талай қилы кезеңдерде олар тауарларын осы қала арқылы Қап тауына шығарды. Алаштың белгілі кайраткері М.Шоқай ісі қазаққа белгілі нақ сондай бір туар ұлдарының бірі О.Көбейұлының көмегімен Ойылдың үстімен жылыстай қашып, осы қала арқылы шет елге шығып кетті. Ал Қазақстан Орталық Атқару Комитеті Төралқасының 1927 жылғы 28 мау-сымдағы қаулысымен Адай оязы Адай (Ойыл) округі болып құрылған кезде маңызды саяси оқиғалардың ошағына айналды.

Маңғыстау түбегі Ойыл өңірімен тағдыры осылай тамырласып, жұпта-сып жатқан өлке. Және жоғарыда аталған съездің көшпелі Адай-Табын елінің 1 Кеңестер съезі деп аталуында да мән бар. Көшпелі Адай-Табын елі тек Маңғыстау түбегін тана емес, түбекке қоса Жем, Сағыз, Ойыл бойын да қамтиды. Съезд Ойыл қаласында өтті. Съезд төрағалығына Т.Өлниязов сайланды.

Съезд жұмысына Қазақ өлкелік комитетінің жауапты өкілдері Ф.Өлібеков пен РКП(б) Орал обкомынан М.Мырзағалиев қатысты. Екеуі де И.Құрмановтың саяси күрестегі серіктестері, өңірдегі алаш қайрат-керлерімен ірге бөліскенде бір ағымда болған жақын пікірлерсті еді. Ойыл оязы 1920 жылғы 2 мамырда құрыл-ғанмен, ол жаз айларында ғана ресімделген-ді.

Съезд 12 маусым күні РСФСР Орталық Атқару комитетіне Қазақ Әскери-революциялық комитетін барлық қазақ руларын біртұтас одалық біріктіретін ресми орган ретін-де танитынын мәлімдеп, құттықтау хат жолдады. Осылайша өз халқынан бөлек, біресе Қап тауындағы Тиф-лоск, біресе Каспийдің бергі бетіндегі Ашхабадка қарап, ат жалы, атан қомындағы Адай елі іргесін мықтап бекітуге Ойылда өткен съезде аса маңызды қадам жасады. Яғни, Ө.Спанов айтқандай: «Ұлтанды елді өз ұлтынан бөлектеп, кірменкі көр-шегін көрсетіп, басқа ұлтқа бағын-дырып қойған әділетсіздік осылай Ойылдағы Тобанияз төраға болған алқада түзелуге бет бұрды».

Осы съезден соң Адай ревкомының делегациясы Орынборға келді. Қаз-ревком 3 шілдеде Түркістан Орталық Атқару комитетінің төрағасы Т.Рыс-құловқа жедел-хат жолдап, бұрын Түркістанға қарап келген адайлардың Қазақ республикасына қарату тала-бының заңдылығын дәлелдеді. Ізініше Ойылға съезд өткізуге барған Өлкелік төтенше комиссияның төрағасы Ф.Өлібековтің баяндамасын тыңдады. Қазақ Әскери-Революциялық комитеті Адай ревкомын өздеріне бағынысты елдің басшы органы ретінде таныды. Сол жылдың тамызында Мәскеудің Маңғыстау оязын (оған қоса Крас-новодск оязының екі болысын) Қазақ өлкесіне қосу туралы қаулысы шықты. Форттағы күйекасты ревком тара-тылды.

Арада қырық жыл өткеннен кейін, яғни 1962 жылы Маңғыстау жарты аралына тағы да өзінің ұлттық аумақтық құрылымынан ажырап қалу қаупі төнді. Кеңес Одағының Бас хатшысы Н.Хрущев «Маңғыстау түбегінің жер асты байлығын қазақ-стандықтар игере алмайды, оны мұнай-газ кенін игерудің мол төжірі-мез жинақталған Әзірбайжанға беру керек» деген пікірін білдірді. Қазақ елінің ұлтпенді азаматтарына тағы да жерінің тұтастығы үшін күресуіне тура келді. Бұл жолы білімі мен ғылы-мы қарыштап дамып үлгерген елдің білікті тобы, Қазақ Ұлттық Ғылым

бір батып бір көтерілген қалтқыдай уақыт толқыны бетіне қосарлана шығып отырды. Шамасы, тіршіліктің ортақ қамы, ертеден қалыптасып қалған сауда-саттық, алып-беріс байланыстары үзілмесе керек, Адай оязы ревкомының төрағасы Т.Өлния-зов 1922 жылғы 22 қыркүйекте ҚКСР Еңбек және Қорғаныс кеңесінің төрағасына жолдаған бір хатында «Адай оязының тұрғындарына оты-рықшылану үшін Ойылдың сол жаға-сына дейінгі жерді, Жем мен Сағызды қоса, осы екі өзеннің шығыс шетін Қалмақсырған — Көкжар бойымен Ойылға дейін, Ойыл өзенінің бойын Тайсойған болыстарының үстің баса, одан өрі батысқа қарай Каспий теңізін жағалап, Адай оязының шекарасына дейін бөліп беруді» сұрады (5.39.40).

1926 жылғы 13 мамырда Ойыл оязының орталығы қайтадан уақытша Александровск қаласына көшірілді. Қазақстан Орталық Атқару Комитеті Төралқасының 1927 жылғы 28 мау-сымдағы қаулысымен Адай оязы Адай (Ойыл) округі болып құрылды. Соның алдында ғана, яғни 1927 жылғы 14 мамырда Адай оязының Қазбек, Ойыл және Жем-Сағыз болыс-тарының негізінде Ойыл ауданы екінші рет шаңырақ көтерген еді. Ал Адай оязы аумағында жоғарыдағы Адай (Ойыл) округі құрылғанда Ойыл ауданының құрамына 1-Түркімен-адай, Сағыз болыстары қосылды.

1927 жылғы деректер бойынша округ көлемінде 345 200 шаршы километр жер, жүз тоқсан мыңдай халық болды. Шаруашылықты жүргі-зудің дәстүрлі қалыптасқан жүйесіне байланысты халықтың тоқсан жеті пайызы көшіп-қонып жүрді және көші-қон ауқымы 1200 шақырымға созыл-ды. Округ құрамындағы Ойылға ауданы-ның өзінде сексен бес серіктестік жұмыс істеді.

Жаңа үкіметтің басқару құрылымы жүйеленіп болмаған, күштеу саясаты шырығып тұрған жағдайда, көлемі жағынан да, халқының өлеуметтік құрылымы жағынан да осындай үлкен аумақты басқарудың күрделілігі пендешіліктің, өресіз ойдың жетегінде қиянатты істердің белең алуына әкеп соқтырды. Округ басшыларының арасында жік пайда болды. Солардың өзара тартысынан үшінші жік бөлініп шығып, ол мүшелерінің санына қарай «он алтыншылар» тобы деп аталды. Топты Ойыл ауданы басшыларының бірі Шадыман Үсембаев басқарды. Жұмағали, Дәулетбай және Қайрош Омарұлдары, Закария Түрниязулы, Сейт Құлжарасұлы, Орынбасар Дауылұлы сияқты ел арасында сөзі өтетін беделді адамдар солақай саясаттың алдын алу үшін өз қаула-ларымен өрекет етті. 1927 жылғы 29 желтоқсанда өткен оныншы округтік партия конференциясында олар округтік партия комитетіне сенімсіздік білдіріп, конференцияның төрал-қасына арнаулы хат жолдады. Бірақ конференция да, округтік партия коми-теті де олардың талаптарын мойын-дамады, қайта керісінше шешім шығарды.

Маңғыстау, Ойыл аудандық партия конференциялары да осындай айтыс-тартыспен өтті. Қазақстан Өлкелік партия комитеті 1928 жылғы 22 тамыз-дағы бюро шешімімен Адай (Ойыл) округтік партия комитетінің бюросын таратып, жеті адамнан тұратын уақытша бюро мүшелерін тағайын-дады. Бірақ Голощекин басшылығы өлкедегі саяси дағдарысты бейбіт, әділетті шешуге қауқарсыз болып шықты. Округті ұсыныан шығармау мақсатында аудандық буындарға өз адамдарын сайлаттыру үшін Қазақ Орталық Атқару Комитетінің мүшесі, округтік атқару комитеті төрағасымен орынбасары Шөбден Ералыұлын жіберді.

Ол 1928 жылғы қазан айында Маңғыстау аудандық партия коми-тетінің конференциясына қатысу үшін Александров фортына келді. Бірақ конференция делегаттары аудандық партия комитетінің басшылығына жоғарыдан жіберілген кандидаттары емес, өздері қалаған адамдарды өткізді. Ш.Ералыұлы мен конферен-ция делегаттары арасындағы тартыс ұшыға келе, бір-біріне қол жұмсауға ұласты.

Біріші қарашада Маңғыстау аудан-ының бір топ делегаттары шағын кеменен Ойылға бет алды. Осының алдында ғана, яғни жыл өтпей жатпай округ орталығы Ойылға қайта көшіріл-ген еді. Кеме үстінде айта одан өрі жалғасып, онын соңы қараңғы түнде Ш.Ералыұлының белгісіз себептермен өлуімен аяқталды. Гурьев облыс-тық тергеу органдары кеме үстіндегі

ахуалды дөеуір жібітуге, шаруашы-лықтарды ұжымдастыру ісінің елеулі кедергісіз ілгері басуына игі ықпал етті.

Ал 1929 жылғы 10 сәуірде Адай (Ойыл) округі таратылғаннан кейін С.Масатов Ойыл ауданының шаруа-шылықтарында ұжымшарлар ұйым-дастырып, олардың ірге бекітуіне мол үлес қосты. Сол еңбегі үшін 1933 жылы Мәскеуде өткен ұжымшар өкілділерінің Бүкілодақтық съезіне делегат болып қатысты. Осынау тари-хи күндерде ол И.Сталиннің қабыл-дауына шақырылды. Бұл қабылдау кейін С.Масатовты белгілі «қуғын-сүргін» қурығынан құтқарып қалды.

1934 жылы С.Масатовқа «Адай көтерілісіне қатысты, шаруашылық-тың он бес саулығын асыл тұқымды қошқарға айырбастауға шешім етті. Жапониямен байланысы бар» деген ақылға сыймайтын жала жабылды. Ойыл аудандық прокуратураның тергеушісі Молдағазы Төлеев *«Кемер облысының әубалаторы А. Төлеев-тің өкесі — С.Б.)*, судья Тілеген Шарағөзов, Көкжар жәрменкесінің бастығы болған, беделді би Ажайып Сұбханқұлов жалаңғы орынсыз екенін дәлелдеп, ақтады. Бірақ араңда-тушылар «айылын» тартпады, қыл-мыстық іс қайта қозғалды. М.Төлеев-ке, Т.Шарағөзовке, А.Сұбханқұловқа «халық жауына» жақтасты деген айып тағылды. Ажайып ұсталды, Тілеген аурулығына байланысты сотталмай, қызметінен босатылды, Молдағазы Қарақалпақ асып, қашып кетті.

Сауытбайдың ағайын-туыстары, жолдас-жоралары И.Сталинге хат жазып, араша түсуін өтінді. С.Маса-товтың ұлы, облысқа белгілі азамат-тардың бірі Бақытжан Масатовтың жазбаларына қарағанда, И.Сталин-нен республика басшыларының атына келген жеделхат республи-калық мұрағатта сақтаулы. Онда: «С.Масатовты ақтап, одан көшірім сұраныздар және ғайбаттап шағым жолдағандардың Отанға тазалығын мұқият тексеріңіздер, қажет болса жауапқа тартылысн», — делінген (105).

Сауытбай толық ақталып, қыз-метіне қайта араласты. 1938 жылы Қазақ КСР-ның бірінші сайланған Жоғарғы Кеңесіне депутат болып сайланды. Кейін Жаксықөл, Сапақкөл сияқты ұжымшарлардың көркейіп, нығаюына зор үлес қосты. Міне, осындай шағын ұжымшарлардың негізінде «Жетікөл», «Жекенді» сияқты дөулетті, мәдениетті де көрікті елді мекендер ірге тепті.

Елдегі қара шаруаның қажымас қайраткерін маңғыстаулықтар да ерекше құрмет тұтады. Туған жері Форт Шевченко қаласы мен Ойыл ауданының орталығында көшеге С.Масатов есімі берілді. «Киелі қазақ — атажұрт» атты мақаласында Мемлекеттік сыйлықтың иегері, ойшыл жазушы, белгілі қоғам қайрат-кері Ө.Көкілбаевта оның еңбегін жоғары бағалай сұретеуейді.

Бүкілодақтық Атқару Комитетінің 1930 жылғы 23 шілдедегі қаулысымен сол жылғы 17 желтоқсанда респу-бликада округтік бөлініс таратылып, аудандық бөлініс енгізілді. Жаңадан 121 аудан құрылды. Адай округі де осы қаулы негізінде таратылды. 1932 жылғы 20 ақпанда құрамында 17 аудан бар Ақтөбе облысы ашылып, сол жылдың 4 шілдесінде Ойыл ауданы Батыс Қазақстан облысының құрамынан Ақтөбе облысына берілді.

Құрсын Жоғарғы Кеңесі Төралқа-сының «ҚКСР өкімшілік-аумақтық бөлінісіндегі өзгерістер туралы» 1963 жылғы 2 қаңтардағы және сол жылғы 10 ақпандағы «ҚКСР-ның өнеркәсіптік аудандарын құру және кейбір қа-ларлардың, қалалық кенттердің және басқа елді мекендердің өкімшілік бағыныстылығын өзгерту туралы» Жарлықтарына сәйкес Байғанин, Журын, Ырғыз және Ойыл аудандары таратылып, Ойыл ауданы Қобда ауданына қосылды. 1963 жылғы 25 шіл-деде Ащыойыл және Қуырдақты ауылдық кеңестері Берсеев ауылдық кеңесіне, Қопа және Тамдықөл ауыл-дық кеңестері Амангелді ауылдық кеңесіне біріктірілді, Қызылқорған ауылдық кеңесі таратылып, оның аумағы Жетікөл ауылдық кеңесіне қосылды.

1965 жылы Ойыл ауданы қайта ашылды.

Материалдар жазушы Сырым Бақтыгереуұлының 2009 жылы «Фоллант» баспасынан шыққан «Ойыл» кітабынан алынды.

Ойыл

ТІЛ – ТӘУЕЛСІЗДІК ТІРЕГІ

Бармын мен, қазақ деген жұртыннанмын! Бармын мен, құмдандаған сыртымнан кім?

Тіл –мемлекеттің тұғырлы тірегі, халықтың рухани байлығы, өткені мен болашағының айқын көрінісі.Тіл қай елде, ұлтта болсын қастерлі, қасиетті, құдіретті.

Қазақ халқында, «Өнер алды –қызыл тіл», «Тіл тас жарადы, тас жар-маса, бас жарады», «Сөз жүйесін тап-са, мал иесін табады», - деген мақал-дар бар. Бұл халқымыздың тіл құдіретін танып өрі өте ардақтағанын көрсетеді. Шындығына келсек, адамның адам болып туғаланып, кемелдеуінде тілдің атқарған рөлі баға жеткісіз.

Жазушы Қабдеш Жұмаділов: «Қазақ тілі – өзінің даласындай кең пішілген жайдары да жалпақ тіл. Оған қысылып – қымтырылып, ерін ұшынан шүлдірлеп, былдырлау мүлдем жат. Қазақ нені айтса да, ауызды толтырып айтады. Қазақ сөзі қашанда даланың қоңыр желіндей аңқылдап еркін есіп тұрады. Қазақ тілінің биязы мақамы – домбырадың күмбір қаққан сазындай. Асқақ әуенділігі- шырқап салар әніндей. Шешендерден шыққан қара сөздің өзінде өлеңге бергісіз келісім , іштей үйлескен ырақ болады. Сөз бен сөз , дыбыс пен дыбыс өзара ұйқасып, жымдасып жатыр. Тыңдаушысын бірден ұйытып өкететін осы үндестік пен есем ырақ құлақ түбінде хрустальдай сыңғырлап , қазақ тілін сұлу да сиқырлы етіп көрсетеді. Кейде қазақ болып туғаның үшін және өлемдегі ең бай, ең сулу тілде сөйлегенің үшін өзіңді бақытты сезінесің», - деген. Міне, қазақ тілінің құдіреті!!!

Тіл – тәуелсіздіктің айағы. Тіл мен егемендік егіз ұғым. Тілсіз- тәуелсіздік, егемендіксіз – тіл болмақ емес.

Тіл – тәуелсіздіктің қуатты тірегі, бірлік пенынтымақтың жығымнастуы. Тәуелсіздіктің үлкен бір талабы да осы. Қазақ елі тәуелсіз мемлекет болып орнағалы ширек ғасырға таяу уақыт болды. Мемлекеттік тілі – қазақ тіл де жарияланды. Елбасының – Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Қазақстанның болашағы қазақ тілінде», - деп алдымызға айқын жол ашып берді.

ЖЫЛ БАСЫНАН БЕРІ БЖЗҚ САЛЫМШЫЛАРЫ 24 МИЛЛИОННАН АСТАМ ҚЫЗМЕТ АЛДЫ

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры 2021 жылдың жеті айында өз салымшыларында 24 миллионнан аса қызмет көрсетті. Бұл өткен 2020 жылдың сөйкес кезеңімен салыстырғанда 47 % көп.

Салымшылар мен алушыларға электрондық форматта көрсетілген қызметтер бурынығысына басымдыққа ие. Жыл басынан бері сандық технологиялардың көмегімен шамамен 17,3 миллиондай қызмет көрсетілді, ол жалпы көлемнің 72% тең. Былтырғы жылмен салыстырғанда, онлайн қызметтердің танымалдылығы бір жарым еседен аса өсті.

БЖЗҚ өз қызметтерінің көптеген түрлерін автоматты форматқа ауыстыруда. Қазір міндетті және ерікті зейнетақы жарналары бойынша жеке зейнетақы шоттарын Қорға жүгінбей-ақ, автоматты рехимде (алғашқы жарна түскен кезде) ашуға болады. Үкеліетті операторлардан түскен өтініштер бойынша арнайы шоттарға біржолғы зейнетақы төлемдері де аударылып, тағы басқа да қызметтер көрсетіледі. 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап 1 тамызына дейінгі аралықта осындай операциялардың шамамен 4,3 миллионы іске асырылды, ол барлық көрсетілген қызметтер көлемінің 17,7%.

Салымшыларға шамамен бір жарым миллиондай қызмет жүзбе-жүз көрсетілді. Олардың ішінде 1,4 мил-

Тәуелсіз Қазақстанның Болашағы – біз білім беріп отырған, тәрбиелеп отырған қазақ жастары. Демек, біздің міндетіміз – қазақ тілінің мәртебесін асыру болмақ. Осы тұста Елбасының «Қазақ пен қазақ қазақша сөйлес-сін»,- деген ұлағатты сөзін ескермей кету мүмкін емес.

Тәуелсіздік алғалы бері тіл саясаты жүргізілуде. Мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту мен тілге деген құрметті арттыру мақсатында көптеген мемлекеттік бағдарламалар мен іс – шаралар ұйымдастырылуда. Осындай іс-шараларға ұстаз ретінде өз үлесімді қосып келемін. Атап айтсам, ауданымызда дәстүрлі түрде Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік мерекесіне орай «Тілдерді дамыту мен қолданудың 2020 – 2025 жылдарға» арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру» жөніндегі жоспарына сәйкес, мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту, тіл мәдениетін көтеру, қазақ тілінің көркемдік ерекшелігін, бай сөз қорын насихаттау, аудан аумағында мемлекеттік тіл саясатын іске асыру мақсатында ұйымдастырылған «Латын өліпбіне көшу – рухани жаңғырудың негізі» атты аудандық мақала байқауына қатысып, «Үздік мақала» номинациясы бойынша аудан өкімінің Алғыс хаты және заттай бағалы сыйлықпен марапатталдым, жыл сайын «Үздік стенд» байқауына қатысып еңбегім үнемі еленіп, марапат алып жүрмін.

Тіл ұлттың негізгі белгісі ретінде халықтың болмыс – бітімінің сақталуында шешуші рөл атқарады, оның рухани мәдениетінің бір бөлігі болып табылады, сондықтан да тіл өзіне деген құрметті талап етеді. Осы орайда ұрпақ тәрбиесінде біз, ұстаздар, мұлт көптеуіміз керек.

Мемлекеттік тіліміз – қазақ тілі елімізде барша азаматтар үшін ұлты мен несіліне қарамастан темірқазық тілге айналуды керек.Мемлекеттік тілге басымдық берген елдің тұтастығы берік, ұясы жылы болады.

Биыл- біз үшін ерекше қастерлі жыл. Біз, Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына қадам бастық. Тәуелсіздік! Бостандық! Кім-кімнің де жүрегіне жағымды, жайлы сөз. Қалай тебіренбесің? Қалай толқымассың?!

лион қызмет тікелей Қордың қызмет көрсету кеңселерінен алынды. Ол былтырғы жылдың сөйкес кезеңімен салыстырғанда бір жарым есе артық. Қорда, сондай-ақ, барып қызмет көрсету бөлімдері де іске қосылған. Олар қатаң санитарлық-эпидемио-логиялық шараларды сақтай отырып жұмыс істейді. Бұл ретте алдын ала кеңес беру (оның ішінде қызметтерді онлайн алу мүмкіндігін тексеру) жүзеге асырылады. Міндетті кәсіптік зейнет-ақы жарналары есепке алу бойынша жеке зейнетақы шотын ашу (оның ішінде міндетті кәсіптік зейнетақы жарнасы есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартқа қосы-лу туралы өтініштер) және халықтың өлеуметтік осал топтарына жататын салымшыларға (алушыларға) қызмет көрсету (1 және 2-топтағы мүгедектігі бар адамдар) туралы өтініштерді ресімдеу үшін барып қызмет көрсетуге қажеттілік туындаған жағдайда, Қор мамандары барлық санитарлық-эпидемиологиялық шараларды сақ-тай отырып, сапарға шығады. Барып қызмет көрсету барысында 2021 жыл-дың басынан бастап 46 247 операция жүзеге асырылды.

БЖЗҚ-ның ең танымал қызметі – жеке зейнетақы шотынан үзінді

көшірме алу. ЖЗШ-дан үзінді көшірме

21 миллионнан артық рет берілді,

олардың 71% көбі электрондық

форматта іске асырылған.

обслуживания Фонда – 1,4 млн услуг, что более чем в полтора раза больше, чемза этот же период прошлого года. Не менее популярны у вкладчиков имобильные отделы выездного обслуживания. Они работают с соблю-дением строгих санитарно-эпидемио-логических мер, при этом осуеществляется предварительная консульта-ция (в том числе проверка на воз-можность получения услуг онлайн). В случае возникновения потребности в выездном обслуживании для офор-мления заявлений об открытии инди-видуальных пенсионных счетов по учету обязательных профессиональ-ных пенсионных взносов (в том числе заявлений о присоединении к дого-вору о пенсионном обеспечении за счет обязательного профессиональ-ного пенсионного взноса) и обслужи-вания вкладчиков (получателей), относящихся к категории социаль-но-уязвимых словъ населения (лиц, имеющих инвалидность 1 и 2 группы), специалисты Фонда осуществляют выезд с соблюдением всех сани-тарно-эпидемиологических мер. В ходе выездного обслуживания было осуществлено 46 247операций с начала 2021 года.

Самой популярной услугой ЕНПФ остается получение выписки с индивидуального пенсионного счета. Выписки с ИПС выданы более 21

Жол! Тәуелсіздік жолы. Ол алыс пен жақынды қосады. Кешегі мен болашақты жапғайды.

Бүгінгі өз келешегіне бет алған Тәуелсіз Қазақстан-бұл біздің ортақ мақтанышымыз. Ең асыл мұрат-еңселі ел болу.Біздер-Тәуелсіз қазақ елінің ең жас ұланымыз. Сондықтан өз жерімізді, өз елімізді, өкелерімізді және аталарымыз сияқты қадірлеуге, қорғауға тиіс екенімізді естен шығар-маймыз. Біз тәуекел қайғығана міндік, басқа халықтар ғасыр бойы өткен жолдан біз 30 жылда өттік.Тарихта ол уақыт қас-қағымдай.Солай бола тұрса да бізге біздің өз Тәуелсіздігіміз қымбат. Ол бізге қымбат-ата-баба рухын көтерген үшін. Ол қымбат ата тарихымыздың, ана тіліміз бен діні-мізді қаз-қаз тұрғызып,“қазақ” деген атауға қан мен жан кіргізгені үшін. Ол бізге қымбат-“Отан” деп жүрегімізді қақтырып, “елім” деп өлеңдетіп, “жерім” деп желпілдіріп, барша алпыс екі тамырымызды игізіп,ата жұртын ідіргені үшін. Ғасыр бойы армандаған ұлт бостандығы, тәуелсіздігіміз-біздің бұл күнгі ең асыл, ең қымбат қазына-мыз. Біздің бүгінгі егемендігіміз-ертеңгі болашағымыз.

Мен барын жоғалтпаған, жоғын түгендей алған, өз дәулетіне өзі ие болып, өзгелерге есесін жібере қоймайтын өнерлі де өркенді ел бола-шағымызды қалар едім. Үміт-болашақ арқауы. Ел болашаққа сенеді, үміт артады. Біздің болашағымыз-тәуел-сіздігіміз тағдырының биіктігіне, өмірдің көріктілігіне байланысты жаңа жарқ еткен дәуірде еркін дәурен сүруге жазын. Отанымыздың мәрте-бесі артысн!

Данасы мен батыры көп қазақтың, Көрген талай қияметін азаптың. Аршындаймын көз тұмдым

шалқытып, Жасай берсін тәуелсіздік, азат күн. Ата-бабамыздың аңсаған арманынан туған, ата – бабамыз-дың қанымен, маңдай терімен, апа – өкелеріміздің көз жасымен, үміті мен сағынышынан туған «Сәби-Тәуелсіз-дігімізді» аялай білейік!

Өігеріп КЕҢЕСОВА, Жамбыл мектеп – балабақшасының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.

ПЕШПЕН ЖЫЛЫТУДЫҢ ҚАУІПТІЛІГІ – ҰЛЫ ГАЗБЕН УЛАНУ

Адам өміріне орасан шығын өке-летін өрт оқиғасымен өрттен тараған көмір қышқыл газының улы екендігі айтылып, жазылғанымен әлі де болса немқұрайлықпен қараудамыз. Атап айтсақ, 2020-2021 жылдардағы жылу беру маусымында Ақтөбе облысында тұншықтырғыш газымен уланудың 4 жағдайы тіркеліп, 7 адам уланған. Сонымен қатар ауданымыздада ағым-дағы жылдың 01 наурызында Көпто-ғай ауылдық округі, Амангелді ауы-лының 5 тұрғыны, оның ішінде 3-і бала тұншықтырғыш газымен улану диаг-нозымен ауруханаға түсті. Уланудың басты себебі тұрғын үйдегі пеш жүйесінің түтін құбыры және түтіндігі күйеден тазартылмаған.

